

"Қауымдық сервитут белгілеу туралы" Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 250 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 109 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 сәуірде № 5565 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 250 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5101 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2019 жылғы 12 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Таскуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш ауданының әкімі

М. Отаршиев

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 15 сәуірдегі
№ 109 қаулысына қосымша
Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 27 маусымдағы
№ 250 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Оңтүстікауызсу" филиалы, "Сарыағаш топтық су жүйесі" өндірістік бөлімшесінің пайдалануындағы магистралды және елді мекен ішіндегі ауыз су құбырлары үшін қауымдық сервитут белгіленетін жерлердің көлемдері

№	Жер пайдаланушылар атауы	Қауымдық сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар)	соның ішінде:					
			ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер	оның ішінде:				
				егістік	оның ішінде: суармалы егістік	көп жылдық екпелер	шабындық	жайылым
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Сарыағаш қаласы	1,04	0,1798					
2	Қапланбек ауылдық округі, Сіргелі елді мекені	1,88	0,17		0,17			
3	Құркелес ауылдық округі, Еңкес, Құлтума, Дархан, Ақниет, Құркелес, Нұрлыжол елді мекендері	19,36	0,1838		0,1838			
4	Жарты төбе ауылдық округі, Төңкеріс елді мекені	1,4	0,2153		0,2153			
5	Тегісшіл ауылдық округі, Таскескен елді мекені	3,77						
	Барлығы	27,45	0,7489		0,5691			

кестенің жалғасы

№	елді мекендердің жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жер
10	11	12	13	14	15	
1	0,4313	0,27				0,1589
2	0,6					1,11
3	15,858					3,3182
4	0,04					1,1447

5	3,095				0,675
	20,0243	0,27			6,4068

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ